

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит беру үшін шағын кредит ұйымдарының желісін дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 шілдедегі N 675 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 сәуірдегі N 337 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит беру үшін шағын кредит ұйымдарының желісін дамыту тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит беру үшін шағын кредит ұйымдарының желісін дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Облыстардың әкімдері Жоспар бекітілгеннен кейін бір ай мерзімде мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, өңірлік іс-шаралар жоспарларын әзірлесін.

3. Жоспарды іске асыруға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар мен мүдделі ұйымдар :

- 1) Жоспарды іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;
- 2) 10 қаңтарға және 10 шілдеге қарай Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жыл сайын 25 қаңтарға және 25 шілдеге қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі
Қазақстан Республикасы*

N 675 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауарын
өндірушілерге кредит беру үшін шағын кредит
ұйымдарының желісін дамыту тұжырымдамасын іске асыру
жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар
жоспары туралы**

р / с N №	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжалды шығыстар (млн. теңге)	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
Ауылдық жерлерде шағын кредит берудің тиімді жүйесін қалыптастыру 1. Өңірлерде шағын кредит ұйымдарының желісін дамыту						
1.1	Ауылдық жерлерде шағын кредит ұйымдарының өңірлік желісін дамыту	АШМ-ға ақпарат	И С М , облыстар әкімдері, АШҚҚҚ, ШҚДҚ	Жарты жылдықтар бойынша, жыл сайын	Талап етілмейді	
1.2	Жарғылық капиталына қ а р ж ы институттарының үлестік қатысуымен ауылдық жерлерде шағын кредит ұйымдарын құру	АШМ-ға ақпарат	ИСМ, ШҚДҚ, АШҚҚҚ	Жарты жылдықтар бойынша, жыл сайын		Қ а р ж ы институт-тарының қаражаты
1.3	Кейіннен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге шағын кредит беру үшін шағын кредит ұйымдарына кредит қаражатын беру ережесін әзірлеу	Директорлар кеңесінің шешімі	АШҚҚҚ, ШҚДҚ	тамыз 2006 жыл	Талап етілмейді	
1.4	Жарғылық капиталына қ а р ж ы институттарының үлестік қатысуымен ШКУ құру ережесін әзірлеу	Директорлар кеңесінің шешімі	АШҚҚҚ, ШҚДҚ,	тамыз 2006 жыл	Талап етілмейді	
	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге					

1.5	кепілдіксіз қамтамасыз ету, оның ішінде олардың қол жетімділігін ұлғайту үшін топтық кредит беру әдістерін енгізу	АШМ-ға ақпарат	Облыстар әкімдері, АШҚҚҚ, ҚШҚҰҚ	Жарты жылдықтар бойынша, жыл сайын	Талап етілмейді	
1.6	Ауыл қарыз алушыларының жылжымалы және жылжымайтын мүліктерін тіркеуге жәрдем көрсету жөнінде ұсыныстар әзірлеу	АШМ-ға ақпарат	Әділетмині, облыстар әкімдері	тамыз 2006 жыл	Талап етілмейді	
1.7	ШКҰӨбөлген кредит қаражатын қамтамасыз ету тетігі ретінде, талап ету құқықтарын бере отырып енгізу	АШМ-ға ақпарат	ИСМ, ШҚДҚ, АШҚҚҚ, ШКҰ	Жарты жылдықтар бойынша, жыл сайын	Талап етілмейді	
2. Шағын кредит ұйымдарын қаржыландыру						
2.1	Кейіннен шағын кредит ұйымдарына және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит беру үшін " Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры " А Қ - т ы капиталдандыру	ЭБЖМ-ге ұсыныс	А Ш М , АШҚҚҚ	Жыл сайын	2007 жыл 10000 млн. теңге; 2008 жыл 8000 млн. теңге	Республикалық бюджет
2.2	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге одан әрі кредит беру үшін Ш К Ұ қаржыландыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарының, донорлық ұйымдардың , екінші деңгейдегі коммерциялық банктердің және ірі о т а н д ы қ кәсіпорындардың қаражатын тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру	АШМ-ға ақпарат	Қаржымині, ИСМ, ЭБЖМ, облыстар әкімдері	Жыл сайын	Талап етілмейді	
3. Ауылда оқыту және консалтинг бағдарламаларын дамыту						

3.1	Құрылатын шағын кредит беру ұйымдарының мамандарын оқытуды жүргізу	АШМ-ға ақпарат	ИСМ, ШКДҚ, АШҚҚҚ, ШҚҰ	Жарты жылдықтар бойынша, жыл сайын		Қ а р ж ы институттарының қаражаты
3.2	Ауыл халқына кәсіпкерліктің негіздерін және қаржы институттарының мамандарына шағын кредит беру үдерісін тиімді басқаруды оқытуды жүргізу	АШМ-ға ақпарат	ИСМ, АШҚҚҚ, ШКДҚ, ҚШҚҰҚ	Тоқсан сайын, жыл сайын		Қ а р ж ы институттарының қаражаты
3.3	Бұқаралық ақпарат құралдары мен ақпараттық жүйелер арқылы шағын кредит беруді насихаттауды жүргізу	АШМ-ға ақпарат	МAM, ИСМ, облыстар әкімдері	Жыл сайын	Талап етілмейді	
3.4	Шағын кредит беру мәселелері жөнінде семинарлар, конференциялар,»" дөңгелек үстелдер" өткізуді қамтамасыз ету	АШМ-ға ақпарат	И С М , облыстар әкімдер, ШКДҚ, АШҚҚҚ, ҚШҚҰҚ	Жарты жылдықтар бойынша, жыл сайын		Қ а р ж ы институттарының қаражаты
3.5	Шетелдердің тәжірибесін зерделеу мақсатында мемлекеттік органдардың шағын кредит беру мәселелерімен айналысатын мамандарының тағылымдамасы	АШМ-ға ақпарат	ИСМ	Жыл сайын		Халықаралық гранттар
3.6	Ауылдық ақпараттық консультациялық орталықтар арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер арасында шағын кредит беру жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізу	АШМ-ға ақпарат	ҚАМ	Тоқсан сайын, жыл сайын	Талап етілмейді	
Ауылда шағын кредит беруді дамыту жүйесінің мониторингі						
	ШКДҚ базасында шағын кредит беруді					

1	дамыту үшін бірыңғай ақпараттық-әдістемелік орталық құру	АШМ-ға ақпарат	ИСМ, ШҚДҚ	қыркүйек 2006 жыл, тоқсан сайын		Қ а р ж ы институттарының қаражаты
2	Қ а р ж ы институттарында құрылған ШҚҰ-ын талдау және бақылау жөніндегі жүйелерді енгізу	АШМ-ға ақпарат	ИСМ, ШҚДҚ, АШҚҚҚ	2007 жыл		Қ а р ж ы институттарының қаражаты
3	Мемлекет бөлген қаржы ресурстарын тартатын ШҚҰ-ның аудит жүйесін енгізу	АШМ-ға ақпарат	ИСМ, ШҚДҚ, АШҚҚҚ	2007 жыл		Қ а р ж ы институттарының қаражаты
4	Шағын кредит берудің қазіргі заманғы стандарттарын және менеджменттің қазіргі заманғы әдістемесін енгізу үшін халықаралық қауымдастықтармен ынтымақтастықты кеңейту	АШМ-ға ақпарат	ИСМ, ҚШҚҰҚ	Жыл сайын	Талап етілмейді	
	Жиыны				18 000 млн. теңге	
	о.і: республикалық бюджет				18 000 млн. теңге	
	жергілікті бюджет					
	басқа да көздер					

Е с к е р т п е :

2007 және 2008 жылдар шығыстарының көлемі № N 654 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкестікке келтірілген және тиісті қаржы жылға арналған» "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақтыланады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ	Ауыл шаруашылығы министрлігі
ИСМ	Индустрия және сауда министрлігі
Қаржы мині	Қаржы министрлігі
ЭБЖМ	Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Әділет мині	Әділет министрлігі

МАМ	Мәдениет және ақпарат министрлігі
ШКДҚ	« "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ
АШҚҚҚ	« "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры"»АҚ
ҚШҚҰҚ	Қазақстанның шағын қаржы ұйымдары қауымдастығы
ҚАМ	« "Қазагроомаркетинг" АҚ
ШКҰ	Шағын кредит ұйымы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК